

**Халықаралық қатынастар факультеті**  
**«халықаралық құқық» мамандығының 3 курс бакалариаты үшін**  
**«Қазақстан республикасының және шет елдердің қылмыстық**  
**процессуалдық құқығы» пәні бойынша қорытынды емтихан**  
**бағдарламасы**

**Оқытушы з.ғ.к., аға оқытушы Әпенев С.М.**

**«Қорытынды емтиханды өткізу ережесі. Тестілеу»**

**Емтихан форматы** – синхронды. Емтихандық тестілеу 50 адамға дейінгі шағын топтарға арналған университеттің СДО MOODLE ресми ақпараттық-білім беру платформасында ғана өткізіледі. Оқытушы СДО Moodle-де «Тест» элементін жасайды және сұрақтар банкісіне қолмен енгізе отырып, сұрақтармен толтырады. Билеттер автоматты түрде қалыптасады. Жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексеріледі.

Тестілеудіен өтуді бақылау – онлайн практоринг. Онлайн-емтиханды нақты түрде веб-камера бойынша маман да (күндізгі практоринг), студенттің жұмыс столын, кадрдағы адамдардың санын, бөтен быбыстар мен дауыстарды және тіпті көзқарастың қозғалысын (киберпрактикторинг) бақылайтын бағдарлама да тексереді. Көбінесе аралас прокторинг түрі қолданылады: емтиханның видеожазбасын бағдарламаның ескертпесі арқылы қосымша түрде маман да қарайды және шынымен де тәртіп бұзудың орын алғандығын анықтайды. Прокторинг болмаған жағдайда қоса алғанда 20 студентке дейінгі топтарда міндетті түрде видеожазба жүргізіледі. Видеожазбаның жауаптылығы оқытушыда болады. Видеожазба сессия аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде оқытушыда және кафедрада сақталады. Студент прокторинг бойынша нұсқаулықты СДО Moodle тыңғылықты таныса алады. Студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын практоринг бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес емтиханға дайын болуы қажет.

**Өткізу графигі:** Емтихан «Универ» жүйесіне алдын ала енгізілетін кесте бойынша өткізіледі және студентке факультет және кафедра арқылы хабарланады. Студентке алдын ала ескертілетін бекітілген кесте бойынша өткізіледі.

**Пән бойынша тест сұрақтарының саны:** 5 кред. = 75 сұрақ. Тесте кем дегенде 4 түрлі сұрақтар бірдей көлемде қолданылады. 1 тест комплектіде (мысалы, 6 көптік таңдау + 6 дұрыс/дұрыс емес+6 қысқа жауап+7 сәйкестендіру = 25). СДО MOODLE емтихан уақытының ұзақтығы– 60 минут 25 сұраққа, 1 рет қана өтеді.

**Бағалау саясаты:** СДО Moodle-де жиналған балл «Тест» элементі үшін құрылған Moodle жүйесінің баға журналында тестілеу өткеннен кейін бірден көрсетіледі. Оқытушы балды ИС Univer – дегі аттестациялық ведомостке қолмен қояды. Баллдардың қою уақыты 48 сағатқа дейін.

Тестілеудің нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қарала алады. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзған болса, оның нәтижесі жоққа шығарылады.

## **Емтихан үшін тест сұрақтары берілетін пән тақырыптарының тізімі**

1. Қылмыстық процессуалдық құқықтың түсінігі, міндеттері және жүйесі.
2. Қылмыстық процессуалдық құқықтың қағидалары.
3. Қылмыстық процеске қатысушылар.
4. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары.
5. Қылмыстық процестегі дәлелдемелер және дәлелдеу.
6. Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың тәртібі.
7. Сотқа дейінгі тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары.
8. Күдіктіден, куәден, жәбірленушіден жауап алудың процессуалдық тәртібі.
9. Тергеу әрекеттерінің түрлері және олардың процессуалдық сипаттамасы.
10. Үлгі алу және сот сараптамасын тағайындаудың негіздері мен процессуалдық тәртібі.
11. Қылмыстық процессуалдық құқықтағы сотқа дейінгі тергеуді аяқтау.
12. Сотқа дейінгі тергеуді тоқтатудың және істі қалпына келтірудің негіздері мен процессуалдық тәртібі.
13. Айыптау актісі сотқа дейінгі тергеу сатысын аяқтаушы процессуалдық құжат ретінде.
14. Басты сот талқылауын тағайындау және сот тергеуі.
15. Процессуалдық келісімдерді жасаудың негіздері және тәртібі.
16. Апелляциялық және кассациялық сатыларда сот шешімдерін қайта караудың негіздері мен тәртібі. Бақылау нысаны ауызша.

### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Әпенев. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. –Алматы, 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.
4. Уголовный процесс. Практикум. Учебное пособие для бакалавриата и специалиста. /Под редакцией А.А. Усачева. 2-е издание, переработанное и дополненное. – Москва: Юрайт, 2019.